

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус	044-73/11-33 12 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  
жанындағы медицина колледжі**

**Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

**СИЛЛАБУС**

Пән коды: ЖГП 01

Пәні: Кәсіби қазақ тілі

Мамандығы: 09160100 «Фармация»

Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 72/3

Теориялық сабақ: 72 с.

Курс: 1

Семестр: 1

Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2024 ж.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-33
Силлабус		12 беттің 2 беті

«Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: А.А.Исабекова

Мамандығы: 09160100 «Фармация»

Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «29» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.С. Рахманова

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-33
Силлабус		12 беттің 3 беті

## Оқытушылар туралы мәлімет

№	Аты –жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл. м/ж.
1	Исабекова Асия Амангелдіқызы		Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	asem.0.1@mail.ru
2	Сарымсақова Жанар Сапарбекқызы		Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі тілі	janar-saparbek@mail.ru
3	Кенжебек Айжан Ержанқызы		Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	kenzhebek.a@internet.ru

### 3.1. Кіріспе

Кәсіби қазақ тілі жалпы білім беру пәндерінің бірі ретінде жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде жүргізіледі. Қазақ тілін үйретуде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының (5-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін және нәтижелерін айқындайды.

Осы бағдарлама жалпы білім беретін «Кәсіби қазақ тілі» пәнін жаңартылған мазмұнда оқып үйренуге және рухани жаңғырудың жалпыұлттық идеясы шеңберінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған.

### 3.2. Пәннің саясаты:

- сабақтан себепсіз қалмау;
- білім алушылар өзіндік жұмыстарын уақтылы кесте бойынша тапсыру;
- сабаққа қажетті оқу-әдістемелік кешеннің электрондық нұсқасын алу;
- сабаққа медициналық терминдер сөздігімен келу;
- белгіленген сөздік минимумды өз мерзімінде жаттап алу;
- сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
- сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
- сырт көрінісі мен киім үлгісіне тиянақты болу;
- кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.

### 3.3. Пәннің мақсаты:

Болашақ маманға кәсіби тілді өз кәсібінің шеңберінде адамдармен қарым-қатынас жасай алатын және оған кеңес беріп, пікір білдіре алатын деңгейде меңгертіп шығару. Жұршылықпен тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениетін дамыту, тілдік қарым-қатынасты меңгеру.

### 3.4. Оқытудың міндеттері:

Оқытудың негізгі міндеті тілдік әрекеттегі барлық продуктивті және рецептивті (сөйлесім, тыңдалым, оқылым және жазылым) дағдыларының дамытылуы; кәсіби бағыттағы сөздіктерді еркін пайдалана білуге және сауатты түрде аударма жасауға үйрету.

### 3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

**Білімі мен түсінігі:** оқыту нәтижесінде студент пән мақсатын және міндеттерін біле алатындығын көрсете алады; пән бойынша оқу, жазу ережелерін біледі, терминдердің, термин тіркестерінің құрылу ережелерін, орфографиясын біледі; пән бойынша лексикалық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус		044-73/11-33 12 беттің 4 беті

минимумдерді біледі, кәсіби қазақ тіліндегі іскерлік қарым-қатынасқа қажетті сөз тіркестерін біледі.

**Білімі мен түсінігін қолдана білу:** сөздерді сауатты жаза алады; күнделікті өмір тіршіліктерін сипаттайтын тақырыптарды түсініп, мазмұнын жеткізе алады; терминдерді, термин тіркестерін дұрыс оқи, жаза алады, сөйлемді құрастыра алады, дәрілік өсімдіктер, дәрілік қалыптар атауын қазақ тіліне аудара алады; фармацевтика саласындағы үлгі ретінде ресми құжаттармен жұмыс істей біледі;

**Ой-пікірді қалыптастыру:**

күрделі және астарлы айтылған ойды түсініп, өз ойын жинақтай алады; түрлі мәселелер бойынша өзіндік көзқарас білдіре алады, терминдер мен сөз тіркестерінің мағынасын, сөйлемдерді лексика-грамматикалық тұрғыдан түсіндіре алады;

**Коммуникативтік қабілеттері:**

таңдаған мамандығы туралы және таңдау мақсаты туралы айтып, басқаларды да шақыра біледі, тақырыбы бойынша оқу, анықтамалық, ғылыми әдебиеттен, ғаламтор жүйесінен алынған ақпаратты аудиторияға мәлімдеп, өз пікірін ұсына алады, фармацевтикалық терминология бойынша қалыптасқан білімдерін студенттерге/оқытушыларға жеткізе алады

**Оқыту дағдылары немесе оқуға қабілеттері:**

тақырып бойынша ақпаратты жинақтап, оны керекті бағытта жан-жақты қолдана алады;

фармация саласындағы менеджмент пен маркетингке қатысты терминдер жөнінде ақпаратты жинақтап, оны керекті бағытта негіздей алады;

терминдерді, термин тіркестерін талдай алады, берілген мағынасы бойынша терминдерді термин бөліктері арқылы құрастыра алады;

өз бетінше жасалған тұжырымды реферат, презентация, жоба түрінде тәжірибелік сабақтарда, студенттер үйірмесінде, студенттердің ғылыми конференцияларында т.б. орындарда жеткізе алады, қажетті ақпаратты табу үшін түрлі ақпараттық жүйелерге қосыла алады.

**3.6. Реквизитке дейінгі:** мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі

**3.7. Реквизиттен кейінгі:** фармация саласына қатысты барлық пәндер

**3.8. Пәннің қысқаша мазмұны**

Пәннің мазмұны лексикалық және тілдік материалдардан тұрады. Лексикалық тақырыпқа жалпы сөйлеу материалдары мен мамандыққа қатысты мәтіндерден тұрады, ал грамматикалық тақырып ретінде қазақ тілінің синтаксистік салаларының негізгі материалдары ұсынылып отыр. Мемлекеттік тілді қатысымдық тұрғыдан оқыту сөйлеу әрекетінің түрлерін жан-жақты меңгерумен байланысты. Сондықтан материалды меңгеру кезінде сөйлеу әрекетінің барлық түрі іске асырылады.

**3.9. Пәннің тақырыптық жоспары:**

№	Сабақтың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Қазақ тіліндегі стиль түрлері. Тілдік норма.	Тілдік норма және стиль түрлері туралы мағлұмат беріледі.	2
2	Лексикалық тақырып: Терминтанудың ғылымдар жүйесіндегі орны туралы. Терминтану және оның салалары.	Терминтанудың ғылымдар жүйесіндегі орны туралы. Терминтану және оның салалары туралы мәліметтер беріледі.	2
3	Лексикалық тақырып: Терминология мәселелерінің біздің еліміздегі зерттелу жайы. Грамматикалық тақырып: Сөз	Біздің елімізде терминология мәселелерінің зерттелу жайы туралы ақпараттарға тоқталамыз. Сөз тіркесі және сөйлем. Еркін тіркес және	2

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-33
Силлабус		12 беттің 5 беті

	тіркесі және сөйлем.Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.	тұрақты сөз тіркесі жайлы ережесі мен мысалдармен түсіндіру.	
4	Лексикалық тақырып: Терминологияны стандарттау мәселелері. Грамматикалық тақырып: Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері.	Терминологияның стандарттау мәселелерін қарастырылады. Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері туралы мәлімет.	2
5	Лексикалық тақырып: Терминологияны біріздендіру мәселелері. Грамматикалық тақырып: Жай сөйлем және оның түрлері.	Терминологияны біріздендіру мәселелері бойынша мәлімдеме қарастырылады. Жай сөйлем және оның түрлері анықтамасын түсіндіру.	2
6	Лексикалық тақырып: Терминологияны реттеу. Терминжасамның морфологиялық (синтетикалық) тәсілі. Грамматикалық тақырып: Бөгде сөз.	Терминдердің жасалу жолдары, жасалу әдістерін түсіндіріледі. Бөгде сөз туралы анықтамасы.	2
7	Лексикалық тақырып: Терминжасамның лексика-семантикалық немесе терминдену тәсілі.	Термин сөздердің жасалу жолдары, лексика және семантикалық терминдену тәсілдері.	2
8	Лексикалық тақырып: Калькалау-терминжасам тәсілі. Грамматикалық тақырып: Сөйлем мүшелері.	Калькалау тәсілі арқылы терминжасам, термин сөздер. Сөйлем мүшелері топтарына қарай бөлінуі.	2
9	Лексикалық тақырып: Қазақстандағы фармацевцияның дамуы. Қазақстандағы алғашқы фармацевтер. Грамматикалық тақырып: Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.	Қазақстандағы фармацевцияның дамуы, зерттелу жайлы, Қазақстандағы алғашқы фармацевтердің қызметтері жайлы ақпараттар беріледі. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Бастауыш және баяндауыш туралы мысалдармен түсіндіру.	2
10	Лексикалық тақырып: Жалпы терминдер. Дәрілік өсімдіктердің атаулары. Грамматикалық тақырып: Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы.	Дәрілік өсімдіктер туралы термин сөздердің аудармасымен таныстыру. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы жайлы мысалдармен түсіндіру.	2
11	Дәрумендер және олардың тамақта сақталуы.	Дәрумендер және олардың маңызы, тағам құрамында дәрумендердің сақталуы түсіндіріледі.	2
12	Лексикалық тақырып: Жалпы рецептура. Грамматикалық тақырып: Бастауыш жасайтын сөз таптары.	Рецепт жазудың үлгісімен таныстыру. Бастауыш жасайтын сөз таптарының атқаратын қызметі, жасалу жолы.	2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-33
Силлабус		12 беттің 6 беті

13	Лексикалық тақырып: Халық медицинасында қолданылатын дәрілік өсімдіктер.	Халық медицинасында қолданылатын дәрілік өсімдіктердің адам ағзасына пайдасы.	2
14	Лексикалық тақырып: Дәрі, оның түрлері. Грамматикалық тақырып: Баяндауыш жасайтын сөз таптары.	Дәрі –дәрмектердің түрлері, дәрілердің адам ағзасына әсері. Баяндауыш жасайтын сөз таптарының атқаратын қызметі мен жаслу жолы, анықтамасы.	2
15	Лексикалық тақырып: Дәрі мөлшерін белгілеудің пайдасы. Грамматикалық тақырып: Тұрлаусыз мүшелер.	Дәрілердің қоспасы, ауруларды емдеуде берілетін дәрілердің мөлшері туралы айтылады. Тұрлаусыз мүшелердің жаслу жолы.	2
16	Лексикалық тақырып: Дәрінің қолданылуы және оны сақтау. Грамматикалық тақырып: Толықтауыш. Тура және жанама толықтауыш.	Қолдануына байланысты дәрі-дәрмек бірнеше топқа бөлінуі, дәрі-дәрмектер қолдану тәсіліне байланысты айтылады. Толықтауыш. Тура және жанама толықтауышқа бөлінуі.	2
17	Лексикалық тақырып: Дәрі-дәрмектен уланудың зардаптары. Грамматикалық тақырып: Толықтауыш жасайтын сөз таптары.	Улану - микрофлораның және токсиндердің жиналуының нәтижесінде пайда болатын ас қорыту жолдарының бұзылулары жөнінде мәлімет беріледі. Толықтауыш жасайтын сөз таптарының атқаратын қызметі.	2
18	Лексикалық тақырып: Дәрілік өсімдіктерден дәрі дайындау. Грамматикалық тақырып: Анықтауыш. Анықтауыш жасайтын сөз таптары.	Дәріні қолдану кезіндегі сақтық шаралары, нұсқаулықтармен таныстыру. Анықтамасы мен жаслу жолы.	1
	№1 Аралық бақылау	1-18 тақырыптар бойынша тест, ауызша/жазбаша түрінде алынады.	1
19	Лексикалық тақырып: Дәрілік шөптердің емдік қасиеттері. Грамматикалық тақырып: Пысықтауыш және оның мағыналық түрлері.	Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктердің көптеген түрлерінің емдік қасиеттеріне тоқталамыз. Пысықтауыш және оның мағыналық түрлеріне бөлінуі.	2
20	Лексикалық тақырып: Жүрек ауруына қарсы дәрілер. Грамматикалық тақырып: Құрмалас сөйлем және оның түрлері.	Жүрек-қан тамырлар ағзаларының ауруларына берілетін дәрілердің қолданылуы. Құрмалас сөйлемнің анықтамасы және оның түрлері.	2
21	Лексикалық тақырып: Жалбыз. Грамматикалық тақырып: Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің айырмашылығы.	Жалбыз өсімдігінің пайдасы, зияны, емдік қасиеті. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің айырмашылығы және жасалу жолдары.	2

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-33
Силлабус		12 беттің 7 беті

22	Лексикалық тақырып: Глюкоза, бал. Балдың емдік қасиеті. Грамматикалық тақырып: Салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері.	Глюкоза, балдың пайдасы мен емдік қасиеті. Салалас құрмалас сөйлемнің анықтамасы мен қызметі.	2
23	Лексикалық тақырып: Вакцина. Грамматикалық тақырып: Сабақтас құрмалас сөйлем.	Вакцинаның түрлері, алдын ала сақтану үшін және олардың <u>иммундық</u> қасиетін арттыру үшін егілетін препараттар. Сабақтас құрмалас сөйлемнің анықтамасы мен атқаратын қызметі.	2
24	Лексикалық тақырып: Тері ауруларына қарсы дәрілер. Грамматикалық тақырып: Төл сөз бен төлеу сөз. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі.	Тері ауруларына қарсы берілетін дәрілердің түрлері. Төл сөз бен төлеу сөз. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібін жасалу жолдары.	2
25	Лексикалық тақырып: Қызу басатын дәрілер. Грамматикалық тақырып: Тыныс белгілерінің емлесі.	Қызу басатын дәрілер— дене қызуын тамендететін шипалы заттар. Бұл заттар организмге еәсер етуі және қолданылу тәсілі туралы мәлімет беріледі. Тыныс белгілерінің емлесі, жазуда кездесетін тыныс белгілері.	2
26	Лексикалық тақырып: Улы шөптер. Грамматикалық тақырып: Тыйым мәнді сөйлем.	Улы шөптер туралы мағлұматтар беріледі. Тыйым мәнді сөйлемнің жасалу жолы.	2
27	Лексикалық тақырып: Кәсіби сала бойынша өндірілетін өнім түрлері. Өнім сапасы, Экспорт. Импорт.	Өнім сапасы, негізгі көрсеткіштері. Өнім сапасы түсінігі. Экспорт. Импорт туралы мәліметтер	2
28	Лексикалық тақырып: Фармация саласындағы менеджмент пен маркетингке қатысты терминдер	Фармация саласындағы менеджмент пен маркетингке қатысты терминдер туралы анықтамасы мен қағидаттары туралы мәліметтер қарастырылады.	2
29	Лексикалық тақырып: Токсикологиялық химия саласына қатысты терминдер	Токсиканттардың ағзаға енуі, олардың таралу заңдылықтары, метаболизмі және шығарылу механизмдеріне тоқталуы	2
30	Лексикалық тақырып: Тыныс алу мүшелері. Тыныс алу мүшелерінің ауруларына қолданылатын дәрілер. Антибиотиктер.	Тыныс алу мүшелерінің емдеуге қолданылатын өсімдіктердің жалпы сипаттамасы.	2
31	Грамматикалық тақырып: Іс қағаздары және оның түрлері. Мәтін және стиль. Стиль түрлері.	Ресми, іс қағаздар стилі туралы, ресми, іс қағаздар стилінің даму тарихы туралы білім қалыптастыру жайында мәлімет	2
32	Лексикалық тақырып: Фармацевтика саласындағы ресми құжаттардың үлгілері	Фармацевтика саласындағы ресми құжаттардың жазылу үлгілеріне үйретіледі.	2
33	Лексикалық тақырып: Өмірбаян. Түйіндеме. Хабарландыру.	Жеке құжаттар түрлері туралы түсінік беру, үлгісін көрсете отырып,	2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус		044-73/11-33 12 беттің 8 беті

		практикалық жолмен түсіндіру, жеке құжаттар түрлері туралы түсінік беру, іс қағаздарының мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші екенін ашып көрсету.	
34	Фармацевтикадағы ғылыми стиль: ғылыми мақала, тезис, эссе.	Фармацевтика саласындағы ғылыми стиль: ғылыми мақала, тезис, эссе жазу үлгілері.	2
35	Лексикалық тақырып: Туберкулез ауруына қарсы дәрілер.	Туберкулез ауруына қарсы дәрілердің түрлерімен таныстыру.	1
	№2 Аралық бақылау	19-35 тақырыптар бойынша тест, ауызша/жазбаша түрінде алынады.	1
36	Лексикалық тақырып: Салауатты өмір салты денсаулық кепілі.	Денсаулық адамның жан-жақты дамып, еңбек етуіне, тұрмыс жағдайын жақсартып, көңіл -күйінің көтеріңкі болуы туралы мәлімет беру. Өтілген тақырыптарды қайталау.	2
	<b>Барлығы</b>		<b>72</b>

### 3.10. Әдебиеттер тізімі

#### 3.10.1.Негізгі әдебиеттер

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Сәлім, Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет
4. Амангельді, А. А. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқулық / А. А. Амангельді. - Алматы : New book, 2022. - 224 бет.
5. Сәлім Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, Ғ. Д. Оразымбетова, Ғ. Т. Тастанбекова. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2023. - 150 б.
6. Кәсіби қазақ тілі Калиева Е.Т., Далаева Е.Е. , 2015 Калиева Е.Т., /ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>
7. Кәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж /ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
9. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015. Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

#### 3.10.2.Қосымша:

1. Турысбекова, А. Е. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / А. Е. Турысбекова, Б. О. Оразова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 120 бет. С
2. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / сөздік ; құраст., Ш. Құрманбайұлы[және т.б.]. - Нұр-Сұлтан : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 596 бет.
3. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 155 бет.



ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус		044-73/11-33 12 беттің 9 беті

4.Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.

5.Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019  
<https://aknurpress.kz/reader/web/1396>

6.Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ғ.Д. Жоғары кәсіби қазақ тілі. (медициналық және фармацевтикалық фак-т студ. арналған).Оқу құралы. 201 <https://aknurpress.kz/reader/web/1101>

### 3.11. Пәнді оқытудың түрлері/әдістері/технологиялары:

**Теориялық сабақтар** – мәселелік, ақпараттық, әңгіме, дәріс-презентация, бинарлық. Аудиториямен кері байланыс дәріс тақырыптары бойынша студенттермен блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, жқптасып жұмыс жасау, топтасып жұмыс жасау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, бағыт беру, эссе жазу, мәтін құрастыру, презентация, кеспе қағаздарымен жұмыс, пікір талас.

### 3.12. Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

**Ағымдық бақылау:** ауызша сұрау, тестілеу, талдау жұмысы.

**Аралық бақылау:** тестілеу, 9 және 18 аптасында өткізіледі.

**Аралық аттестаттау:** Компьютерде тестілеу.

**Қорытынды бақылау;** тестілеу

-Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Емтихан ауызша алынады. Ауызша алынған немесе тест жүйесі бойынша алынған емтихан бағасын пән оқытушысы Платонус ААЖ-ға қояды.

Емтиханға пәннің бағдарламасын толық меңгерген және үлгерім рейтингісін алған білім алушылар ғана жіберіледі. Үлгерім рейтингтік бағасы мен емтиханның нәтижелерінің қосындысынан шығатын әр пән бойынша қорытынды баға анықталады, бұл жердегі 60% - жіберілу рейтингтік бағасы, 40% - емтихан нәтижесі болып табылады.

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	Жақсы
B	3,00	80-84%	
B-	2,67	75-79%	
C+	2,33	70-74%	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69%	
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,00	50-54%	Қанағаттанарлықсыз
F	0,00	0-49%	

#### 3.12.1.Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
------	---------------------------	--------------------	-----------------	-------	-----------

БҚ1.1	Әзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдана алмайды; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық гілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдана алмайды; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық гілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерін ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алмайды.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды біледі; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық гілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қателікпен айтады; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық гілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа жартылай қатысады.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды меңгерген; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық гілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдануды біледі; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық гілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді ескере бермей, бірақ осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сауатты қолдана алады; 2) тілді меңгерудің базалық деңгейіне арналған лексикалық, грамматикалық гілдік бірліктерді нақты коммуникативтік қатынастарда қолдана алады; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық гілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды,	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алмайды; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алмайды, оларды	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелердің бар екендігін біледі; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады бірақ	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады лексика-	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылай алады; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алады, оларды этикалық,

ONTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979- SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	044-73/11-33 12 беттің 11 беті
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус		

	қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алмайды, оны дәлелдей алмайды.	лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алады, бірақ дәлелдей алмайды.	грамматикалық және прагматикалық тұрғыда түсіндіре алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттерін өздігінен бағалай алады, өз көзқарасын айта алады.	лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады.
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар:	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алмайды; 2) Түрлі дереккөз-дерді пайдалана алмай, әңгімелескен адамды дәлелсіз сендіре алмайды. 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алмайды және прагматикалық талдау жасай алмайды.	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауды және хабарлауды түсінеді; 2) Түрлі дереккөз-дерді біледі, әңгімелескен адамға өз ойын жеткізеді; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады, бірақ прагматикалық талдау жасай алмайды	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай біледі; 2) Түрлі дереккөз-дерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамдарға дәлелмен түсіндіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын біледі және прагматикалық талдауды түсінеді.	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 2) Түрлі дереккөз-дерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады.
БҚ 3.1	жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді. Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады				

**Аралық бақылауды бағалау критерийлері**

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
--------------	---------	----------------------

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-33
Силлабус		12 беттің 12 беті

Жазбаша, тест	<b>Өте жақсы</b> A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	<b>Жақсы</b> B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	<b>Қанағаттанарлық</b> C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді.

### Емтиханды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тест	<b>Өте жақсы</b> A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	<b>Жақсы</b> B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	<b>Қанағаттанарлық</b> C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> F (0; 0-49%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді.

<p> ONTÜSTIK QAZAQSTAN  <b>MEDISINA</b>  <b>AKADEMIASY</b>  «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p>		<p> SOUTH KAZAKHSTAN  <b>MEDICAL</b>  <b>ACADEMY</b>  АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p>
<p> «Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы  Силлабус </p>	<p> 044-73/11-33  12 беттің 13 беті </p>	